

2023 жылғы арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдар

Релиз шығарылған күні: 27.03.2024
Келесі релиз шығарылым: 27.03.2025

1. Негізгі ойлар
2. Динамика
3. Глоссарий
4. Әдістемелік түсініктемелер
5. Байланысты жарияланымдарға сілтеме
6. Пайдалы сілтемелер

1. Негізгі ойлар

Электронды кестеде 2023 жылғы арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдар туралы.

2023 жылдың соңына Қазақстан Республикасында арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі 291 ұйымдар есепке алынды, оның ішінде стационарлық үлгідегі ұйымдар – 173, жартылай стационарлық үлгідегі - 80, уақытша болу – 34, сондай-ақ арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетудің бірнеше шарттары бар – 4 ұйым бар.

2023 жылдың соңына осы ұйымдарда тұратындар саны 41703 адамды құрады, соның ішінде жасы бойынша зейнеткерлер – 14201 адам (34,1%), Ұлы Отан соғысына қатысқандар мен мүгедектер – 12 адамды (0,03%) құрады.

Электрондық кестелер:

1. [Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдардың саны және құрылымы;](#)
2. [Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдарында тұратындардың сипаттамасы;](#)
3. [Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдарында тұратындардың;](#)
4. [Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдарында тұратындардың мүгедектігі бойынша.](#)


2. Динамика

Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдардың саны және құрылымы

	2021	2022	2023	бірлік
Барлығы	272	281	291	
Қалалық жер	190	194	208	
Ауылдық жер	82	87	83	

Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдардың жалпы саны

бірлік



Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдарда тұратын негізгі контингент – мүгедектігі бар адамдар. Олардың саны 25496 адамды немесе 2023 жылдың соңында қызмет көрсетілгендердің жалпы санының 61,1%-ын құрады.

2023 жылдың соңында тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектердің саны 4654 адамды (18,3%) құрады, мінез-құлқындағы психикалық бұзылыстары бар - 19765 адам (75,1%).

3. Глоссарий

Жартылай стационарлық жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйым – меншік нысанына қарамастан, қызмет алушылардың ұйымда ұзақ немесе уақытша (6 айға дейінгі мерзімге) күндіз болу жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған заңды тұлға не заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі.

Стационар жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйым – меншік нысанына қарамастан, қызмет алушылардың ұйымда тәулік бойы тұрақты немесе уақытша (үш айға дейінгі мерзімге) тұруы жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтерге көрсетуге арналған заңды тұлға.

Уақытша болу жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйым – меншік нысанына қарамастан, қызмет алушылардың ұйымда тәулік бойы уақытша (бір жылдан көп емес) болуы жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған заңды тұлға.

4. Әдістемелік түсініктемелер

Стационарлық үлгідегі ұйымдар - стационар жағдайында қызмет алушылардың тәулік бойы тұрақты немесе уақытша (үш айға дейінгі мерзімге) тұруына арналған медициналық-әлеуметтік мекемелер (ұйымдар).

Жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдар - қызмет алушыларды ұйымда тәуліктің күндізгі уақытында ұзақ немесе уақытша (6 айға дейінгі мерзімге) болуына арналған күндіз болу бөлімшелері, аумақтық және оңалту орталықтары, өзге де ұйымдар.

5. Қатысты басылымдарға сілтемелер

Динамикалық кестелер:

[Тағайындалған мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны алушылар саны;](#)

[Мүгедектік бойынша тағайындалған мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақына алушылар саны.](#)

6. Пайдалы сілтемелер

[Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдар. Сапа туралы есеп.](#)

[Ақпараттық-аналитикалық жүйе «Талдау».](#)

Шығарылымға жаупты: Халық статистикасы департаменті	Департамент директоры: Н. Ханжигитов Тел. +7 7172 749061	Орындаушы: Г.Сағат Тел. +7 7172 749258 E-mail: gl.sagat@aspire.gov.kz	Мекенжай: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
--	---	--	--